



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

### SEMEI IADROLYQ POLIGONYNYŇ JABYLǴANYNA 30 JYL коллекциялық монеталарының сатылымға шығатыны туралы

Нұр-Сұлтан қ.

2022 жыл, 29 сәуір

Қазақстан Ұлттық Банкі **2022 жылғы 3 мамырдан бастап** «Есте қалатын оқиғалар мен біртуар адамдар» монеталар сериясынан SEMEI IADROLYQ POLIGONYNYŇ JABYLǴANYNA 30 JYL коллекциялық монеталарының сатылымға шығатынын хабарлайды.

Монеталар [www.kazcoins.nationalbank.kz](http://www.kazcoins.nationalbank.kz) платформасында ҚҰБ интернет-дүкені арқылы сатылады.

#### SEMEI IADROLYQ POLIGONYNYŇ JABYLǴANYNA 30 JYL монеталарының сипаттамасы:

30 жыл бұрын Тәуелсіз Қазақстан тарихында тарихи шешім қабылданды – 1991 жылы 29 тамызда Семей ядролық полигоны жабылды.

SEMEI IADROLYQ POLIGONYNYŇ JABYLǴANYNA. 30 JYL монеталарының реверсінде екі бөліктен тұратын ядролық жарылыс түрінде бейнелер көрініс тапқан. Сол жақ бөлігі ядролық сынақтардың тарихын, үзілген өмір мен шырғалаң тағдырды бейнелейтін жарықшақтар түрінде берілген. Оң жағынан – зардап шеккен табиғатты білдіретін құраған ағаштың бейнесін көруге болады. Құрап қалған ағаш бұтағындағы жасыл жапырақтың бейнесі – жандану мен қылаң берген үміттің белгісі.



Монеталар 925/1000 сынамада күмістен эмаль жағу технологиясымен дайындалған. Массасы – 31,1 грамм, proof дайындау сапасы бар, номиналы 500 теңгелік, таралымы – 5000 дана және нейзильбер қоспасынан массасы 11,17 грамм, uncirculated сапасымен, номиналы 100 теңгелік, таралымы – 100 000 дана.

**БАҚ өкілдері толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы ала алады:**

8 (7172) 77–52–10

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)